

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



Бекітілген

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес Акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор
бұйрығымен

№ 05-04/81

» 02 2024 ж.

Университеттің ғылыми атақтар
(қауымдастырылған профессор (доцент), профессор)
қызметіне тағайындау конкурсының

Ережесі

Көшірме	Құрастырған	Келісілген
	Абсатова М.А. <i>M.A.</i>	Ишпекбаев Ж.Е. <i>Ishpekbaev</i>
		Бурибаев Е.А. <i>Buribaev</i>
		Нарбекова Б.М. <i>Narbekova</i>
		Кулсариева А.Т. <i>Kulsariev</i>
		Нурланов Ш.Н. <i>Nurlanov</i>
		Аменова К.А. <i>Amenova</i>
		Желдыбаева А.Ж. <i>Jeldybaeva</i>

Алматы, 2024

**Университеттің ғылыми атақтар
(қауымдастырылған профессор (доцент), профессор)
қызметіне тағайындау конкурсының**

1. Жалпы ережелер

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам/Университет) ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсының Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңының 4-бабының 15 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы бұйрығына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 16.01.2019 №15 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Қоғамның ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсының шешімін қабылдайтын (бұдан әрі –Эксперттік комиссия) кеңестік-мәжілістік орын болып табылады.

3. Қоғамның эксперттік комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қоғамның Эксперттік комиссия қызметі жариялылық пен өз құзырындағы мәселелерді ұжымдық талқылау қағидаларына сүйенеді.

**2. Университеттің ғылыми атақтар
(қауымдастырылған профессор (доцент), профессор)
қызметіне тағайындау конкурсының қызметі және оны сайлау тәртібі**

5. Эксперттік комиссия мүшелері Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрығымен құрылады.

6. Эксперттік комиссия құрамына Басқарма Төрағасы-Ректор, Басқарма мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, оқытушы-профессорлар құрамы кіре алады.

7. Басқарма Төрағасы-Ректор Эксперттік комиссия мүшелерінің төрағасы болып табылады. Төраға Эксперттік комиссия мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

8. Төраға орынбасары болып Басқарма мүшесі тағайындалады. Төраға болмаған жағдайда төраға орынбасары оның міндеттерін атқарады.

Эксперттік комиссия құрамы және құрамындағы өзгерістер Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрығымен бекітіледі.

9. Эксперттік комиссия мүшелерінің құрамы 3 жылдық мерзімге сайланады және мүшелердің тақ санынан тұрады.

Төмендегідей жағдайларға байланысты Эксперттік комиссия құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін:

1) эксперттік комиссия құрамынан ректор атына өтініш беру арқылы шығу;

- 2) эксперттік комиссия мүшесі мен Қоғамның арасындағы еңбектік қатынастың тоқтауы;
- 3) Қоғамнан шығу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген басқа да негіздемелер.

**3. Университеттің ғылыми атақтар
(қауымдастырылған профессор (доцент), профессор)
қызметіне тағайындау конкурсының құжаттарды қабылдау құзыреті**

10. Университеттің қауымдастырылған профессоры (доценті) қызметіне тағайындау «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында толық бірлікте жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаларға мынадай жағдайларда беріледі:

1) университетте диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 2 жылдан кем емес, оның ішінде жоғары оқу орнында доценттен (қауымдастырылған профессордан) төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкер лауазымында, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, басшының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі.

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған сұратылған мамандық бойынша кемінде 10 ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 7 ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаласы.

Ескерту: халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға кем дегенде бір ғылыми саладан Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квантиліне кіретін немесе Scopus (Скопус) базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткішінің процентілі кемінде 35 болатын журналдар жатады. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атаққа үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR (ДЖЕЙСТОП) базасына кіретін журналдар да есепке алынады;

халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар көрсетілген базалардағы журналдардың тақырыптық бағытына сәйкес келуі және ағымдағы нөмірлерде жариялануы тиіс. Бұл ретте мақала жарияланған кезде немесе ұйымнан ғылыми атақ беру туралы қолдау хат түскен мезгілде журнал Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша тиісті квантильге кіреді немесе Scopus (Скопус) базасында CiteScore (СайтСкор) тиісті көрсеткішке ие болады;

ғылыми мақалалар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілген мақалалар санынан артық болған жағдайда, олар уәкілетті орган ұсынатын басылымдардағы мақалалар ретінде саналады;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде саналады.

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 3 жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 баспа табағы тиесілі, немесе Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулығы (соңғы 3 жылда басылған, көлемі 6 баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылған), немесе үміткер басшылығымен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғасы.

11. Университеттің қауымдастырылған профессоры (доценті) қызметіне тағайындау «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында толық бірлікте жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаларға *өнер саласы* бойынша мынадай жағдайларда беріледі:

1) университетте диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 2 жылдан кем емес, оның ішінде жоғары оқу орнында доценттен (қауымдастырылған профессордан) төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкер лауазымында, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, басшының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі.

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған сұратылған мамандық бойынша кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбектері, оның ішінде:

уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 7 (жеті) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 1 (бір) немесе шетелде ұсынылған 1 (бір) шығармашылық еңбегі;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 1 (бір) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 4 (төрт) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі 4 (төрт) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми

дәрежесі бар тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері есептеледі.

12. Университет профессоры қызметіне тағайындау Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде толық ставкада жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаларға мынадай жағдайларда беріледі:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 жылдан кем емес, оның ішінде жоғары оқу орнында профессордан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда тиісті лауазымда, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, жоғары оқу орны басшысының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған, мамандық бойынша 20 ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 15 ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (кем дегенде бір ғылыми саладан Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2 квантиліне кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткішінің процентілі кемінде кемінде 50 болатын - 2 ғылыми мақала. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атаққа үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR (ДЖЕЙСТОП) базасына кіретін журналдар да есепке алынады.

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 баспа табақты құрайтын):

не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 3 жылда басылған, жалпы көлемі 6 баспа табактан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылады),

не оның басшылығымен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 тұлғасы.

13. Университет профессоры қызметіне тағайындау Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде толық ставкада жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаларға *өнер саласы бойынша* мынадай жағдайларда беріледі:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 жылдан кем емес, оның ішінде жоғары оқу орнында профессордан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда тиісті лауазымда, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, жоғары оқу орны басшысының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған (жасалған), сұратылған мамандық бойынша кемінде 20 (жиырма) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбегі, оның ішінде:

уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 15 (он бес) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 3 (үш) ғылыми мақаласы және (немесе) шетелде ұсынылған 2 (екі) шығармашылық еңбегі;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 2 (екі) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табактан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлға (ұжымдар). Даярлаған тұлғалар (ұжымдар) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері есептеледі.

14. Кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне қарай ғылыми атақ беру туралы. Заңда қарастырылған құрметті атаққа ие болған өнер саласындағы жұмыс істейтін мамандарға:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған (жасалған), сұратылған мамандық уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 7 (жеті) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

2) шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаласы және (немесе) шетелде ұсынылған 1 (бір) шығармашылық еңбегі;

3) шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 1 (бір) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы;

4) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 3 (үш) жылда басылған, ізденушіге кемінде 4 (төрт) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы (соңғы 3 (үш) жылда басылған, көлемі 4 (төрт) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері есептеледі.

15. Университет профессоры қызметіне қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар, Заңда қарастырылған құрметті атаққа ие болған, осы ұйымда жұмыс істейтін өнер саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте кемінде 3 (үш) жыл үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы және (немесе) шығармашылық еңбегі;

3) Ғылыми монографиясы/оқулығы/оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлғасы (ұжымдары).

16. Университет қауымдастырылған профессоры (доценті) қызметіне тағайындау ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ Заңда қарастырылған Қазақстан Республикасының құрметті атағына немесе «ҚР-ның Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағына ие болған және осы ұйымда жұмыс істейтін дене тәрбиесі және спорт мамандарына мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте 2 (екі) жылдан кем емес үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 7 (жеті) ғылыми мақаласы (тезистер емес);

3) ғылыми монографиясы/оқу-әдістемелік құралы/оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпионы немесе жүлдегері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы немесе жүлдегері.

4. Университеттің ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсын өткізу тәртібі

17. Университет ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсы ашық, жария негізде өтеді.

18. Университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсының стенографиялық жазбасы, хаттамасы жүргізіледі. Хаттамаға мәжілісте Төрағалық етуші және Ғылыми кеңестің Бас ғалым хатшысы қол қояды.

Мәжілістердің хаттамалары, ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсы шешімдерін қарастыратын басқа да актілері сақталады.

Қоғам қызметкерлері мен білім алушылар ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсы мәжілістерінің материалдарымен танысуға және олардың құқығы мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Ғылыми кеңесінің шешімдерінен көшірме алу құқығына ие.

19. Университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсы жылына үш реттен көп емес өткізілуі мүмкін.

Ұсынылатын құжаттар келесі тәртіпте қабылданады:

- 1) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2) анықтама;
- 3) ғылыми еңбектер тізімі (Бас ғалым хатшымен расталған);
- 4) ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығынан шетелдік рецензияланатын журналдарда жарық көрген ғылыми мақаланың процентілі туралы анықтама;
- 5) жеке іс қағазы;
- 6) ғылыми еңбектерінің көшірмелері;
- 7) еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 8) диплом көшірмесі;
- 9) басты ғылыми монография немесе оқу құралының түпнұсқасы.

20. Университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсы эксперттік комиссия мүшелерінің келу парағына тіркелуінен басталады.

21. Егер эксперттік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 мәжіліске қатысса, онда университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсы заңды болып есептеледі.

22. Эксперттік комиссия мүшесі университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсының барлық мәжілістеріне қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті.

Университет ғылыми атақтар қызметіне тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігі болмаған немесе дәлелді себептермен кешіккен жағдайда Төрағаны Бас ғалым хатшы арқылы хабардар етеді.

5. Дауыс беру және шешім қабылдау тәртібі

23. Университет ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсының шешімдері оның мәжілістерінде ашық дауыс берумен қабылданады. Ашық дауыс беруді Ғылыми кеңес мәжілісінде төрағалық етуші жүргізеді. Эксперттік комиссия мүшелері дауыс беруге қойылған сұрақ бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сияқты жауаптардың бір нұсқасына қол көтерумен өз пікірлерін білдіреді. Егер эксперттік комиссия мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берсе, онда шешім қабылданған деп есептеледі.

24. Ашық дауыс берудің алдында төрағалық етуші дауыс беруге қойылатын ұсыныстардың саны туралы хабарлайды, олардың дауыс беруге қойылатын жүйелілігін және тұжырымын нақтылайды, олардың қандай көпшілік дауыспен қабылдана алатындығын ескертеді.

25. Ашық дауыс беру қол көтеру және берілген дауыстарды санау арқылы жүргізіледі. Дауыстарды санауды төраға жүргізеді.

26. Барлық сұрақтар бойынша дауыс беру нәтижелері университет ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) қызметіне тағайындау конкурсы мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

27. Бір сұрақ бойынша дауыс беруде эксперттік комиссия мүшесі бір дауысқа ие әрі ол дауысын шешімді қабылдау үшін немесе оған қарсы болу үшін, әлде шешімді қабылдаудан қалыс қалу үшін береді.

28. Комиссия мүшесі дауыс беру кезінде өз құқығын жүзеге асырады. Дауыс беруде болмаған комиссия мүшесі дауыс беру аяқталған соң немесе осы сұрақ бойынша дауыс беру үшін конкурста қабылдаған тәсілінен айырмашылығы бар тәсілмен өз даусын беруге құқығы жоқ.

29. Дауыс беру үшін қажетті кворум болмаған жағдайда, төрағалық етуші дауыс беруді конкурстың келесі отырысына ауыстырады.

6. Қорытынды ереже

30. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Басқарма мүшелерінің шешімімен енгізілуі мүмкін.